

**Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ленгір қалалық ауруханасы»  
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының 2022 – 23.06.2023 ж. кезеңіне  
жасалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы  
талдамалық анықтама**

**Ленгір қаласы**

**21.07.2023 жыл**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабы 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 ақпандағы №21 бұйрығын орындау мақсатында **ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ны (бұдан әрі – Кәсіпорын)** басшысының 2023 жылғы 13 маусымдағы бұйрығымен құрылған топпен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға ішкі талдау жұмыстары жүргізілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауына жол беретін себептер мен жағдайларға жоспарлы талдау жұмыстары жүргізіліп, бірқатар ұсыныстар берілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау кезеңіне яғни 2023 жылғы 21 шілдеге қарағанда Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 сәуір №67 қаулысына 42 қосымша негізінде Кәсіпорынның Жарғысы бекітілген. Түркістан облысы Төлеби аудандық тіркеу және кадастр бөлімінде № 6-1959-09 тіркеу санымен 11.05.2023 ж. тіркеуден өткізілген

Кәсіпорынға қарасты 7 бөлім, әкімшілік корпус 15 адам жұмыс атқарады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорында тиісті саланың уәкілетті органының ұсыныс негізінде уәкілетті органның айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімін қоспағанда, кәсіпорынның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын байқау кеңесі - басқару органы құрылуы мүмкін. Аталған Заңға сәйкес байқау кеңесінің құрамы тақ санды құрап, бес адамнан кем болмауы керек, құрамына Кәсіпорын басшысы, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның, яғни, ДСМ-нің өкілі кіруге тиіс. ҚР «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы талаптарына сәйкес жұмыс реті дұрыс ұйымдастырылған.

**Кіріспе бөлім:**

**1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – Ішкі талдау) жүргізу негізінде:**

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңы;
- Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының «Сыбайлас жемқорлық



тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 16.01.2023 жылғы №21 бұйрығы;

- ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 13 маусымдағы № 99 н/к бұйрығы;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына 1 қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл САЯСАТЫ;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына 2 қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу ЕРЕЖЕЛЕРІ;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына 3 қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарыс іс-қимыл НҮСҚАУЛЫҒЫ;
- ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның 13.06.2023 ж. № 99 н/к «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» БҰЙРЫҚ;
- ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамының ТІЗІМІ;

## **2. Ішкі талдау жүргізетін топ құрамы:**

- Султанов Елдос Едигеевич – Кәсіпорын басшысы, топтың төрағасы;
- Тузельбаев Ержан Рыскулбекович – басшының емдеу ісі жөніндегі орынбасары;
- Клушева Айнұр – бас есепші;
- Жүніс Берік – Кәсіпорынның мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман;
- Маткаримова Айгуль Агабековна – заңгер;
- Лукьянова Анна Владимировна – Кәсіпорынның персоналын басқару қызметі (мамандар бөлімі);

## **4. Ішкі талдау жүргізу мерзімі:**

2023 жылғы 23 маусым – 7 тамыз аралығы;

## **5. Ішкі талдау қамтыған кезең:**

2022 және 23.06.2023 ж. дейінгі кезең

## **6. Ішкі талдау жүргізу барысында шектеу немесе кедергі жасау:**

Ішкі талдау жүргізу кезінде кедергі жасау немесе шектеу болмады.

## **7. Қызметкерлер құрамын басқару және еңбек қатынастары:**

Кәсіпорнында шығарылған бұйрық, хаттама, анықтама, акт, хат рәсімдеулері Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік және мемлекеттік емес



ұйымдарда құжаттама жасау, құжаттаманы басқару және электрондық құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы №703 қаулының талаптары сақталынуына назар аударылды.

Кәсіпорын басшысымен 2022 жылы жеке құрам бойынша – 620 бұйрық, 2023 жылдың 6 айы кезеңінде 315 бұйрық шығарылған.

#### **8. Жұмысқа қабылданған, шығарылған, көтермеленген, төмендетілген, ауыстырылған қызметкерлер:**

Қызметкерлерді жұмыстан шығару сәтінде құқықбұзушылықтар және сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ішкі лауазымдық ауысымдар кезінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

2022 жылы басшының бұйрығымен жұмысқа 25 адам қабылданған;

2023 жылы 6 айында 7 адам қабылданған;

Жұмысқа қабылдау тәсілі электрондық еңбек биржасы enbek.kz (бұдан әрі - ЭЕБ) порталымен халықты жұмыспен қамту орталықтарына өзекті бос жұмыс орындар туралы мәліметтерді онлайн режимінде беру арқылы жүзеге асырылған. Және Кәсіпорын басшысының жұмысқа қабылдаудағы қызметкерлердің кәсіби деңгейін анықтау мақсатында «Жұмысқа қабылдау комиссиясын құру туралы» бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

Кәсіпорын қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі бойынша: Кәсіпорынның медицина қызметкерлері тарапынан сертификат мерзімінің өтіп жұмыс жасау фактілері орын алмаған және сертификаттарының қолданылу мерзімдерінің аясында жұмыс жасауына тұрақты бақылау орнатылған. Ұйымның маман сертификатының мерзімі біткен дәрігерлері мен орта медицина қызметкерлері жұмыстан дер кезінде бұйрықпен шеттетіледі. Ішкі талдау жүргізу барысында біліктілігі сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады.

Сонымен қатар, 2022 жылы келісім шарты бұзылып, жұмыстан босағандар саны – 26 адам. Жұмыстан өз еріктерімен босатылған.

2023 жылғы 6 айында келісім шарты бұзылып, жұмыстан босағандар саны – 4 адам. Жұмыстан өз еріктерімен босатылған.

Демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған қызметкерлер туралы: Кәсіпорнында қызметкерлердің жазбаша келісімімен демалыс және мереке күндері жұмысқа шақыртылған. Аталған күндерге Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 109-бабына сәйкес, еңбек ақылар төленген.

Қызметкерлерді демалыс және мереке күндері жұмысқа тартылған сәттерінде құқықбұзушылықтар анықталмады.

#### **9. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері.**

2022 жылы жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бұлтты құжат айналым (ОДО) базасы арқылы – 2 өтініш келіп түскен және «Е-otinish» арқылы – 4 өтініш түскен.



2023 жылғы 1-ші жартыжылдығында бұлтты құжат айналым (ОДО) базасы арқылы түскен өтініш, шағымдар болмаған және «Е-otinish» арқылы – 15 өтініш түскен.

Түркістан облысы Төлеби ауданы Ленгір қаласы Шахта-Тогус елді мекенінің Жастар көшесіндегі № 70 А санды мекен жайы бойынша орналасқан «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «№55 мекеме» республикалық мемлекеттік мекемесінде орналасқан медициналық бөлімшесі ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-на 2023 жылғы 1 қаңтарынан бастап өтуіне байланысты, келіп түсіп жатқан өтініштердің басым көпшілігі «55 мекемеде» жаза өтеушілер тарапынан келіп түскен. Өтініштерге көз жүгіртіп, жалпы шолу жасау барысында, жаза өтеушілер медициналық бөлімше мамандарына өз наразылықтарын білдіруде, өтініштер дер кезінде бақылауға алынып, жауапты мамандарға тәртіптік шаралар қолданылған. Тәртіптік жаза қолдану мерзімі Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64 - 66 баптары негізінде жүзеге асырылған.

Өтініштердің ішінде азаматтық заңнамаға сәйкес келісім шарт тараптары болып табылатын медициналық ұйымдардың шарт міндемелерін орындалмауы байқалмады. Дәрігерлердің әрекетіне немесе әрекетсіздігіне түскен шағымдар саны – 3, оның 1-і негізделген, ал 2-і негізсіз.

#### **10. Мүдделер қақтығысын реттеу:**

Кәсіпорын қызметіне зиян келтіру мүмкін мүдделер қақтығысына байланысты төмендегі мәселелері бойынша заң бұзушылықтар

##### **анықталмады:**

- қызметкердің материалдық мүддесін, жақын туыстарының жекжаттарының немесе өзге де үшінші тұлғалардың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты;
- Кәсіпорнында шешім қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға заңсыз артықшылық көрсету;
- Кәсіпорын мамандарының мемлекеттік немесе оларға теңестірілген функцияларын орындағаны үшін тұлға тиісті функцияларды орындамайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, қызметтер және өзге де нысандар түрінде кез келген сыйақы қабылдау бойынша;
- Кәсіпорнындағы мүліктерді пайдалана отырып заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі функция Кәсіпорын заңгері А.А.Маткаримоваға жүктелген.

Кәсіпорнында барлық мемлекеттік қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бойынша түсіндерме жұмыстары жүргізілген. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер бұзылған және сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту фактілері орын алмаған және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған қызметкерлер анықталмады.



Кәсіпорын қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық сипаттағы заңсыз іс-әрекеттер туралы жеке және заңды тұлғалардан, оның ішінде БАҚ-дан шағымдар анықталмады.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттік төрағасының бірінші орынбасары сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет генерал-майоры Д. Малаховтың 17.08.2023 жылғы №3-3-2/7159-И шығыс хатына сәйкес, басшы орынбасарлары мен бөлім басшыларының функцияналдық міндеттерін сәйкестендіру мақсатында кәсіпорын басшы орынбасарлары Е.Р.Тузельбасовтың, Р.Ж.Турсынбасованың лауазымдық міндеттерінде ұйымдастырушылық-өкімдік функциялары, шаруашылық меңгерушісі Е.Аманбаевтың әкімшілік-шаруашылық функциялары енгізілді.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» № 434-V Заңының 41-бабының 4-тармағына сәйкес, Мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімді тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам не орталық мемлекеттік органның аппарат басшысы немесе аппарат басшысының өкілеттіктерін жүзеге асыратын өзге лауазымды адам қабылдайды.

### **11. Мемлекеттік сатып алу бойынша:**

1. Кәсіпорынның ИП "OxiService" мен түзген 090940018784/230019/00 2023-03-10 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықталды. Шарт қызметі «Техникалық газдармен/сұйықтықпен толтыру бойынша қызметтер». Келісім шарт сомасы 1 000 000,00 тенгені құрайды. Аталған келісім шарт, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бап 3-тармақ 50-тармақша егер мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің мемлекеттік сатып алуды өткізу мерзімі, бірақ екі айдан аспайтын мерзім ішіндегі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті осындай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу көлемінен аспайтын көлемде, уәкілетті орган бекіткен тізбе бойынша жылдың бірінші айы ішінде жүзеге асырылатын болса, конкурс не аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы шығарылғанға және мемлекеттік сатып алу туралы шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңге күн сайынғы және (немесе) апта сайынғы қажеттіліктегі осындай мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға қажеттілік болса, жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Шарт наурыз айында жасалған, Заңның 39-бап 3-тармақ 50-тармақшасына сәйкес жүргізілмеген.

2. Кәсіпорынның ТОО "МА «Boiashak»" мен 090940018784/220101/00 2022-09-29 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалғаны анықтады. Шарт қызметі «Конференцияларды/семинарларды/форумдарды/конкурстарды/корпоративтік/спорттық/мәдени/мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу



бойынша қызметтер», сомасы 50 000.00 т.

Заңның 39-бап 3-тармақ 45-тармақша осы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына оны нақтылау кезінде енгізілген жағдайда, көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген ісшараларға қатысқаны үшін ақы төлеу

Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

3. Кәсіпорынның ТОО "MEDsmart" мен 1. 090940018784/220095/00 2022-09-24 келісім шартының «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалған. Шарты қызметі «Конференцияларды/семинарларды/форумдарды/конкурстарды/корпоративтік/спорттық/мәдени/мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер» сомасы 120 000.00 т.

Заңның 39-бап 3-тармақ 45-тармақша осы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына оны нақтылау кезінде енгізілген жағдайда, көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген ісшараларға қатысқаны үшін ақы төлеу

Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және б) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

4. Кәсіпорынның ТОО "Social-i International Kazakhstan" мен 090940018784/220094/00 2022-09-16 келісім шарт «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілі» арқылы жасалған. Шарты қызметі «Конференцияларды/семинарларды/форумдарды/конкурстарды/корпоративтік/спорттық/мәдени/мерекелік және ұқсас іс-шараларды ұйымдастыру/өткізу бойынша қызметтер», шарт сомасы 160 000.00 т.



Заңның 39-бап 3-тармақ 45-тармақша осы мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарына оны нақтылау кезінде енгізілген жағдайда, көрмелердің, семинарлардың, конференциялардың, кеңестердің, форумдардың, симпозиумдардың, тренингтердің материалдарын сатып алу, сондай-ақ көрсетілген ісшараларға қатысқаны үшін ақы төлеу

Заңның 1-тармағының 41-бап, Осы Заңның 39-бабының 3-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мұндай тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді осы Заңның 13-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген өзге де тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған айрықша жағдайларда жүзеге асырылады.

**Шешу мәселесі:** Ұйымдастырушы аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4- бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндетті.

Мемлекеттік сатып алулар толығымен мемлекеттік сатып алулар веб порталы арқылы жүргізіледі.

## **12. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы шығарылымдар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасы талаптарының орындалуы.**

Кәсіпорнында баспасөз қызметіне жауапты маман бекітілген. Баспасөз қызметінің міндетіне медициналық ұйымдарда болып жатқан жаңалықтар мен жайттар туралы интернет ресурс пен әлеуметтік желілер арқылы халықты ақпараттандырып отырады.

Кәсіпорынның ресми сайтына жарияланған материалдар:

- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның Корпоративтік әдеп және мінез-құлық КОДЕКСІ;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына 1 қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл САЯСАТЫ;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына 2 қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысын реттеу ЕРЕЖЕЛЕРІ;
- 2023 жылғы 1 маусым №96 н/к бұйрығына 3 қосымша ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл НҰСҚАУЛЫҒЫ;
- ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның 13.06.2023 ж. № 99 н/к «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» БҰЙРЫҚ;
- ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін жұмысшы топ құрамының ТІЗІМІ;
- ШЖҚ «Ленгір қалалық ауруханасы» МКК-ның 2023 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша іс-шара ЖОСПАРЫ;
- Комплаенс қызметіне жауапты Кәсіпорын заңгері А.А.Маткаримованың «Сыбайласқа жол жоқ» атты мақала 28.04.2023 ж. №20 жергілікті «Ленгір



жаршысы» газет бетіне жарияланған.

### ҰСЫНЫМДАР:

- 1) Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын, ҚР Қылмыстық Кодексін, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы ҚР Заңын талқылау және ұжым қызметкерлері алдында түсіндіру жұмыстарын одан әрі белсенді жүргізуді жапғастыруды;
- 2) Жұмысқа орналасу кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің орын алмауы мақсатында жоғары, орта буынды медициналық қызметкерлер адал, әділ және ашық негізде конкурстық іріктеу және жұмысқа қабылдау құралдары (іске асырылған жағдайда) қамтамасыз етілсін.
- 3) Есеп жүргізумен және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын жауапты мамандардың белгілі бір реттеуші заңдарға өзгерістер енуіне қарай объективті жұмыстар жүргізілсін;
- 4) БАҚ шығарылымдарына тұрақты түрде мониторинг жүргізуді, жарияланған сыни шығарылымдарда көрсетілген фактілерге жедел әрекет жасауды қамтамасыз етуге, баспасөз қызметіне жауапты мамандардың қызметін күшейту, Кәсіпорынның ресми интернет ресурстарын, әлеуметтік желілерін халыққа және қоғамға тиімді ақпараттармен жанартып отыру;
- 5) Кәсіпорынның қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыстарын сапалы жүргізіп, нәтижесі Түркістан облысы бойынша Сыбайлас жемқорлық департаментіне жолдануын қамтамасыз етілсін; (жоспарға сәйкес).

### Жұмыс тобының мүшелері:

Е.Е.Султанов

Е.Р.Тузелбаев

А.Клушева

Б.Жүніс

А.А.Маткаримова

А.В.Лукьянова



\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_